

## Қаскелең қаласының жаңа көшелері мен тұйық көшелеріне атау беру туралы

Алматы облысы Қарасай ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 9-2494 қаулысы және Алматы облысы Қарасай аудандық мәслихатының 2014 жылғы 8 қыркүйектегі № 34-5 шешімі. Алматы облысының Әділет департаментінде 2014 жылы 14 қазанда № 2866 болып тіркелді

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабының 1-тармағының 4) тармақшасына, «Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабының 5-1) тармақшасына сәйкес және Қаскелең қаласы халқының пікірін ескере отырып, облыстық ономастика комиссиясының қорытындысы негізінде, Қарасай ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Қарасай аудандық мәслихаты

### ШЕШІМ

### ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қарасай ауданы Қаскелең қаласының жаңа көшелері мен тұйық көшелеріне келесі атаулар берілсін:

1) Қаскелең қаласының оңтүстігінде орналасқан бірінші көшеге «Ұлытау», екінші көшеге «Аңырақай», үшінші көшеге «Сұлусай», төртінші көшеге «Елтөре», бесінші көшеге «Аққайнар», алтыншы көшеге «Ақмешіт», жетінші көшеге «Ұлағат»;

2) Қаскелең қаласының оңтүстік батысында орналасқан бірінші көшеге «Алтын адам», екінші көшеге «Ақтоғай», үшінші көшеге «Нұрлы», төртінші көшеге «Самалжел», бесінші көшеге «Бурабай», алтыншы көшеге «Бәйтерек», жетінші көшеге «Жасқанат», сегізінші көшеге «Алтындән», тоғызыншы көшеге «Еңбек», оныншы көшеге «Үлгілі», он бірінші көшеге «Жайлау», он екінші көшеге «Сарыжұлдыз», он үшінші көшеге «Бейбітшілік», он төртінші көшеге «Тайбурыл», он бесінші көшеге «Ақсауыт», он алтыншы көшеге «Алтыбақан», он жетінші көшеге «Ғанибет», он сегізінші көшеге «Кеңдала», он тоғызыншы көшеге «Бұлақты», жиырма бірінші көшеге «Ақтоған», жиырма екінші көшеге «Наурыз», жиырма үшінші көшеге «Алаш», жиырма төртінші көшеге «Алтынсақа», жиырма бесінші көшеге «Көлдi», жиырма алтыншы көшеге «Шұғыла», жиырма жетінші көшеге «Ар-намыс», жиырма сегізінші көшеге «Ақтаң», Бурабай көшесінде орналасқан тұйық көшеге «Бурабай»;

3) Қаскелең қаласының шығысында орналасқан бірінші көшеге «Мойылды», екінші көшеге «Ақбұлақ», үшінші көшеге «Сусар», төртінші көшеге «Самұрық», бесінші көшеге «Алатау», алтыншы көшеге «Жерұйық», жетінші көшеге «Арқарлы», сегізінші көшеге «Баталы», тоғызыншы көшеге «Дәстүр», он бірінші көшеге «Ұялы»;

4) Қаскелең қаласының оңтүстік шығысында орналасқан бірінші көшеге «Кәусар»,

екінші көшеге «Ақшағала», үшінші көшеге «Сарыбұлақ», төртінші көшеге «Айнабұлақ», бесінші көшеге «Талапкер», алтыншы көшеге «Хантәңірі», жетінші көшеге «Бірлік», сегізінші көшеге «Бөктер», тоғызыншы көшеге «Арна», оныншы көшеге «Ақмаржан»;

5) Қаскелең қаласының солтүстігінде орналасқан бірінші көшеге «Құлагер», екінші көшеге «Сарыарқа»;

6) Қаскелең қаласының солтүстік шығысында орналасқан бірінші көшеге «Майса», екінші көшеге «Есіл»;

7) Қаскелең қаласының солтүстік батысында орналасқан бірінші көшеге «Көкбастау», екінші көшеге «Көкдала», үшінші көшеге «Қайнарбұлақ», төртінші көшеге «Қойтас», бесінші көшеге «Саржайлау», алтыншы көшеге «Ақтілек», жетінші көшеге «Қарақия», сегізінші көшеге «Мұғалжар», тоғызыншы көшеге «Құлынды», Көкбастау көшесінде орналасқан тұйық көшеге «Көкбастау».

2. Осы бірлескен қаулы мен шешімнің орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Бархинова Ұлтусын Амангелдіқызына (келісім бойынша) жүктелсін.

3. Осы бірлескен қаулы мен шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық Аудандық мәслихат хатшысы	Аудан әкімінің мәслихат сессиясының төрағасы	А. Дәуренбаев	А х м е т о в
		М. Е. Қалиев	